

Жүрек кенеттен тоқтаған кезде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)

№	Кезеңдер	Әрекет алгоритмі
1	Жағдайды бағалау	Өз қауіпсіздігіңізге көз жеткізіп, өзіңізді және зардап шегушіні қауіпсіздендіру қажет.
2	Пациенттің жағдайын бағалау	<p>1. Есін бағалау Зардап шегушіні иығынан сілкіп/шапалақтау, қатты дауыстап: «<i>Сіз мені естисіз бе? Есіміңіз кім?</i>» (есін жимаған)</p> <p>2. Тыныс алуды бағалау «Мен естимін, көремін, сеземін» қағидасы: құлағымызды мұрын-ерін үшбұрышына жақындатып, тыныс алуды тыңдаймыз, ұртында жылуды сезінеміз және кеуде қуысының экскурсиясын бақылаймыз. (тыныс жоқ)</p> <p>3. Қанайналымын бағалау Күретамырдағы пульсті пальпациялау: қалқаншабез шеміршегін пальпациялау және одан екі саусақ төмен кеуде-бұғана-емізік тәрізді бұлшықеттің ішкі шетіне өту. (пульс жоқ)</p>
3	Жедел жәрдем шақыру	Атаулы көмек шақыруды өтінеміз: « <i>Ақ жейдедегі ер адам, жедел жәрдемнің реанимациялық бригадасын шақырыңыз!</i> »
4	Жүрекке жанама массаж жасау	<p><u>1. Зардап шегушіні қатты беткейге жатқызыңыз.</u></p> <p><u>2. Қолды дұрыс қою - кеуденің төменгі үштен біріне. Саусақтарды «құлыпқа» орнату, осылайша тірек қолы осы аймаққа <i>tenar</i> және <i>hypothenar</i> болады. Қолды шынтақ буындарында пациенттің денесінің бетіне перпендикуляр болатындай етіп түзетіңіз.</u></p> <p><u>3. Бірінші компрессия – бұл кеуде қуысының қаттылығын бағалау үшін тексеру. Қозғалыс бүкіл дене салмағымен жасалады.</u></p> <p><u>Компрессия тереңдігі кемінде 5-6 см.</u></p> <p><u>Компрессия жиілігі 1 минут ішінде 100-120.</u></p> <p><u>Компрессия және тыныс алу арақатынасы 30:2.</u></p>
5	Сафардың үш есе тәсілі	<p>А. Тыныс алу жолдарының өткізгіштігін қалпына келтіру Зардап шегушінің басын құтқарушыға қарай (яғни өзіне қарай) абайлап бұру және ауыз қуысын бөгде заттардың болуына тексеру, одан әрі орамалға немесе дәкеге оралған саусақтардың көмегімен (орта және сұқ) ауыз қуысынан бөгде денені алып тастау қажет. Содан кейін басын бастапқы күйіне бұрыңыз.</p> <p>В. Басын шалқайту Оң қолдың алақанын мойынның астына қойыңыз. Сол қолыңызбен маңдайын ұстап, екінші қолыңызбен басын артқа шалқайтыңыз.</p>

		С. Аузын ашыңыз және төменгі жақты қозғаңыз Бас бармақтың және сұқ саусақтың көмегімен төмен қарай қозғалта отырып ауыз қуысын ашу. Сұқ саусақтар төменгі жақсүйектің бұрыштарына қойылып, төменгі жақсүйекті төмен қарай жылжытады.
6	Жасанды тыныс алуды жүргізу.	- Қорғанис маскасын қолдану. - Зардап шеккен адамның танауын сол қолымен жауып, оң қолымен иегін ұстап, ауыздан ауызға әдісімен екі рет терең дем алдырыңыз.
7	ЖӨР-дің бір толық кезеңін өткізу	Реанимациялық шаралардың 5 циклін өткізу.
8	ЖӨР тиімділігін бағалау	Екі минуттық реанимациядан кейін (немесе 5 циклден кейін) реанимациялық шаралардың тиімділігін бақылау: - күретамырдағы импульсті тексеру (пульс пайда болды), - тыныс алуды тексеру (тыныс алу қалпына келтірілді), - есін бағалау
9	Зардап шегушіні бүйірімен тұрақты қалыпқа ауыстыру	Ол үшін зардап шегушінің бір (оң) қолын бүйіріне қояды, екінші (сол) қолын шынтақ буынында бүгеді, (сол) аяғын сол жағында тізе буынында бүгеді. Бұл жәбірленушінің иығы мен жамбасын 2 иінтірек әдісін қолдана отырып, жәбірленушіні бүйіріне аударыңыз.
10	Науқастың одан әрі тәсілі	Одан әрі қолданылатын тәсілді анықтаңыз (реанимация бөліміне жеткізу, ЖӨР жалғастыру, ЖӨР тоқтату.).

Орындау уақыты -10 минут

Анафилаксиялық шок кезінде медициналық көмек көрсету (ауруханаға дейінгі)

№	Қадамдар	Әрекет алгоритмі
1	Науқастың жағдайын бағалау	<p>Аллергеннің организмге түсуін тоқтату</p> <p>Пациенттің жағдайының ауырлығын бағалаңыз және дәрігерді шақыруды қамтамасыз етіңіз</p> <p>АҚ, ЖЖЖ, ТЖ, сатурация мониторингін қамтамасыз ету.</p>
2	Пациентті шокқа қарсы іс-шараларды жүргізуге дайындау	Пациентті жатқызып, тілін ұстау, басын бүйіріне қаратыңыз, төменгі жақсүйекті алға тартып, ауыз қуысын тазалаңыз, аяғын көтеріңіз (Тренделенбург қалпы)
3	Вена ішіне кіруді қамтамасыз ету	<p>Шеткергі венаны катетерлеу.</p> <p>Катетерлер №14,16</p>
4	Пациенттің организмін оттегімен қамтамасыз ету	<p>Таза ауаның келуін қамтамасыз ету.</p> <p>Ылғалданған оттегіні беру</p>
5	Анафилаксиялық шокты емдеу үшін негізгі дәрілік және медициналық құралдарды дайындау	<p>Шокқа қарсы іс-шараларды жүргізу үшін қажеттінің барлығын дайындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шокты емдеуге арналған негізгі дәрілік заттардың тізбесі • дәрілік заттарды в/і тамшылатып енгізуге арналған жүйе, әртүрлі көлемдегі шприцтер, • ӨЖЖ аппараты (Амбу қабы) кеңірдекті интубациялауға арналған жиынтық (болған жағдайда) «небулайзер» аппараты
6	Шұғыл көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды орындау (дәрігердің тағайындауы бойынша)	<p>Дәрілік заттарды енгізуді қамтамасыз ету:</p> <ul style="list-style-type: none"> • санның алдыңғы немесе бүйір бетіне 0,18% эпинефрин ерітіндісі 0,5 мл, тиімділігі болмаған жағдайда 5 минуттан кейін б/і қайта енгізу; 50 мкг 0.18% эпинефрин ерітіндісі 500 мл физ. ерітіндімен в/і тамшылатып енгізу. • инфузиялық ем жүргізу (коллоидты және кристаллоидты ерітінділерді енгізу 0,9% натрий хлоридінің изотоникалық еріт. 1-2л. • глюкокортикостероидтарды енгізу: 60 - 90 мг (120 мг дейін) преднизолон ерітіндісін вена ішіне енгізу,

		<p>немесе дексаметазон 8-32 мг, немесе</p> <ul style="list-style-type: none"> • гидрокортизон 200мг б/і немесе в/і баяу.
7	Бронхоспазм кезінде бронхолитикалық ем жүргізу (дәрігердің тағайындауы бойынша)	Натрий хлоридінің 2,5 мл изотоникалық еріт-де 2,5 мг сальбутамол ерітіндісін ингаляциялау арқылы (небулайзер арқылы) енгізу.
8	Десенсибилизациялаушы ем жүргізу (дәрігердің тағайындауы бойынша)	<p>Гемодинамика тұрақтанғаннан кейін антигистаминді (десенсибилизациялайтын) дәрілік заттарды енгізу:</p> <p>препараттардың бірі болған кезде: хлоропирамин ерітіндісі 2% - 1-2 мл,</p> <p>немесе дифенгидраминді 1%- 1 мл б/і немесе в/і енгізу</p>
9	Реанимациялық іс-шараларды жүргізу (қажет болған жағдайда) (дәрігердің тағайындауы бойынша)	Реанимациялық іс-шаралар жүргізу (жүректің жабық массажы, жасанды тыныс алу, интубация).
10	Аяқтау	Реанимация бөліміне жатқызу.

Дәрілік түрлерді дайындау технологиясы

№	Қадамдар	Іс-әрекет алгоритмі
1.	Жұмыс орнында санитарлық режимнің сақталуын қамтамасыз ету	косметика мен зергерлік бұйымдардың жоқтығын тексеріңіз, санитарлық киімнің (қалпақ, халат, бахил) тазалығын тексеру, өндіріс алдында қолды жуу, жұмыс орны мен құрылғыларды өңдеу
2.	Рецепт жазбасына сараптама жүргізу	Бұл рецепт құрамы стандартты емес (официналды емес) екенін анықтаңыз; ингредиенттер үйлесімді.
3.	Жұмыс үстелін дайындау	жұмыс орнының ауданын ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету (сол жағына таразыны, мақта тампонын, пинцетті, өлшеуіш цилиндрді, кең мойынды подставка (стақан), шыны фильтр, флакон), оң жақта - жазу керек-жарақтары).
4.	Жазбаша бақылау паспортын ресімдеу	<p>Жазбаша бақылау паспортының алдыңғы жағында</p> <p>Күнді жазу, №1 рецептке ЖБП жазыңыз, технологиялық процеске сәйкес дайындау реттілігін көрсетіңіз Дайындалған сұйық дәрілік түрдің жалпы көлемі</p> <p>Қолтаңбалар: Дайындады... Тексерді... Босатты ...</p> <p>Сыртқы (оборотной стороне) жағында дәрілік түрдің дайындалуына байланысты барлық есептеулер жасалады:</p>
5.	Дәрілік түрді дайындау	Дәрілік түрді дайындау
6.	<p>Сапаны бақылау</p> <p>1. Органолептикалық бақылау жүргізіледі</p> <p>2. Масса-көлем тәсілімен дайындау кезіндегі сұйық дәрілік препараттардың жалпы көлеміндегі жіберілетін ауытқуларды анықтайды</p>	<p>Сыртқы түрін, түсін, иісін, біркелкілігін, ерітінділерде механикалық қоспалардың болмауын тексеріп, ауызша сипаттаңыз. Дайын препараттың (ерітіндінің) сапасын бағалау "Дайындалған дәрілік препараттарға дәріханаішілік бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР ДСМ-2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-287</p> <p>2. ҚР ДСМ 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-286/2020 "Дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды жасауға лицензиясы бар дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілердің дәрілік препараттар мен медициналық бұйымдарды дайындау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес.</p>
7.	Орау және босатуға безендіру	Орау және босатуға безендіру

"Фармацевттің коммуникативтік дағдылары"

№	Қадамдар	Іс-әрекет алгоритмі
1	Дәріхана сатып алушысымен байланыс орнатыңыз.	Байланыс орнату, сенім атмосферасы, ашықтық, қарым-қатынас арқылы өзара сыйластық орнату
2	Мұндай жағдайда фармацевт не істеуі керек?	Науқасты мазалаған дәрілік терапия мәселесін талқылау
3	Науқасқа қажетті препарат туралы сенімді ақпарат беріңіз	Науқасқа дәрілік препараттың құрамы, фармакологиялық әсері, жанама әсерлері, қарсы көрсетілімдері туралы ақпарат беру.
4	Жағдайды эмоционалды түрде теңестіру үшін әрекеттеріңізді сипаттаңыз	Өсімдік негізіндегі дәрі-дәрмектер түрінде балама ұсыну дәрі-дәрмекті қолдану әдістері және оны үйде сақтау ережелері туралы науқасқа түсіндіру, науқасты дәрілік препараттың тиімділігіне, күтілетін нәтиженің сипаттамасына бағыттау.
5	Әңгімені қорытындылаңыз	Сонымен қатар, фармацевт үшін науқас оны қалай қабылдады деген мәселені шешу өте маңызды. Ол үшін "кері байланыс арқылы" бақылауды қолдану керек: Науқастан сұраңыз және ол қабылдаған ақпаратты нақтылаңыз.

Рецепттің фармацевтикалық сараптамасы

№	Қадамдар	Іс-әрекет алгоритмі
1	Бланк формасына, рецептілерді жазуға, есепке алуға және сақтауға талап қоятын НҚА (Нормативтік құқықтық акт) атаңыз	Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР ДСМ-112/2020 бұйрығы
2	Дәрі дәрмек рецепт бланкісінде қай тілде жазылады	Рецепттер дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауымен латын тілдерінде жазылады, пациент жеке төзімсіз болған жағдайда дәрілік препараттың көп компонентті құрамы сауда атауымен жазылады
3	Жазылған дәрілік зат қандай фармакологиялық топқа жатады?	Жазылған дәрілік заттың фармакологиялық тобын анықтау
4	Тағайындалған дәрілік препаратты қабылдау кезінде тамақтану уақытына байланысты, жиілігі мен ұзақтығына сәйкес пациентке қандай нақты ұсыныстар бересіз	<ul style="list-style-type: none"> • Тәулігіне қанша рет қолдану керек • Қанша күн қабылдау керек • ДЗ қабылдау шарттары, тамақтануға байланысты- • Жарамдылық мерзім
5	Рецепт бланкісінің жарамдылық мерзімі?	Дәрі-дәрмектерге арналған рецепттер, соның ішінде жеңілдікті және ақысыз берілетін рецепттер, үш айға жарамды
6	Рецепт бланкісінің сақтау мерзімі қандай?	<p>Дәрілік затқа арналған рецепт бланкін қағаз түрінде сақтау мерзімі кемінде күнтізбелік отыз күнді құрайды,</p> <p>құрамында есірткі, психотроптық заттар, прекурсорлар және улы заттар бар дәрілік затқа арналған рецепт бір жыл сақталады</p> <p>тегін медициналық көмектің және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың кепілдік берілген көлемі шеңберінде босатылатын дәрі-дәрмектерді сақтау мерзімі екі жылды құрайды.</p>

7	Рецепт бланкі мерзімі аяқталғаннан кейін қалай сақталады?	Сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін рецепттер жойылады.
8	Рецепт бланкілерін жою рәсімін жүргізу үшін қандай ережелер белгіленген?	Рецепттерді жою үшін дәріхананың, дәріхана пунктінің басшысы мен материалдық жауапты тұлғаларынан тұратын комиссия құрылады. Комиссия жою туралы акт жасайды, онда жазбаша түрде жойылған рецепттердің кезеңі мен саны көрсетіледі.